

егемен

Қазықастан

## Қиындықты сейілткен серпін

Жергілікті қауымның биылғы жыл барысын риза тұтарлықтай реті бар. Дағдарыс дабыры бастапқыда еңсе езерліктей болғанмен, тез басылды. Мемлекет басшысының төтеннен тап болған қиындық салмағын көпшілікке ауырлық түсіртпей, экономика мен әлеуметтік сала дамуын бәсеңсітпеу тапсырмасына сәйкес өріс алған өңірлік іс-шаралар шарапаты қазір қайдан да анық байқалады. Соның ішінде “Жол картасы” бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар қалалар мен ауылдар бейнесін жарқыратып тастауда. Бұл мақсатқа бөлінген 13 млрд. теңгенің едәуір бөлігі игеріліп үлгерді. Соған жұмылдырылған 36 мыңға тарта азаматтың дені – жанадан жұмыс түрі тауып берілгендер, өндірістен уақытша қысқартылуларына байланысты екінші мамандық меңгергендер. Ал мұнымен қатар индустриялық-инновациялық жедел даму бағытында жалпы сомасы 146 млрд. теңгеден асатын республикалық “Индустрияландыру картасына” енгізілген бірнеше жобаның іске асырылмақтығы өлке тынысына тың серпін қосқалы отыр. Тұрғын үй құрылысының қарқыны да бәсеңдеген жоқ. Жыл басынан бері 276 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, көзделген көрсеткіштің былтырғыдай асыра орындалуына үміт үлкен.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың облысқа келген әр сапарында жаңа нысандар ашылып, тұсауы кесіліп, жақсы жаңалықтар көбейіп жатады. Аймақтың тамақ өнеркәсібін өрлету жолында жүзеге асырылған аса ірі инвестициялық жобалардың бірі “Тай” компаниясы ірге көтерткен ет комбинаты саналады. Елбасы ат басын алдымен соған бұрды. Азық-түлік белдеуін құру бағдарламасына сәйкес құрылған кәсіпорын ет өнімдерін өңдеуге арналған. Соңғы үлгідегі технологиялық қондырғылар орнатылып, өндірістік мәдениеттілігі жоғары деңгейге лайықталған ол бұл салаға қойылар талап-талғамның бүге-шүгесіне дейін ескеріліп салыныпты. Мамандар баяндап, таныстырғандай, комбинатта жылына 5 мың тонна ет қайта өңделіп, 4,5 мың тонна шұжық өнімдері дайындалады. Бір ерекшелігі, өзінің жеке шикізат базасына сүйенеді. Шет, Жаңаарқа аудандарындағы сервистік-дайындау орталығында ірі қара бордақыланады. Мұндай база басқа да аудандарда құрылатындығы айтылды. Алдағы уақытта өнімді экспортқа шығару негізгі мақсаттың бірі болуы кәсіпорын келешегі кеңдігін көрсетеді. Осы ретте “Халал” сертификаты бойынша еттік тағам түрлерін көп көлемде өндіру соған бағытталған шара.

Мемлекет басшысы мұнан кейін дарынды балалар оқитын мамандандырылған “Мұрагер” мектеп-интернатына келді. Нұрсұлтан Әбішұлын елімізге танымал осынау білім ұясының мұғалімдері, шәкірттері зор қуанышпен қарсы алды. 6-шы сынып оқушысы Артур Пастухов өздерінің алаңсыз сапалы оқып, саналы тәрбие алуына жасалып жатқан барлық жағдай үшін оқушылар атынан ақ алғысын жеткізді. Мектеп биыл әсіресе көркейе түсті. “Жол картасы” бағдарламасы аясында жөндеу жұмыстарына бөлінген 57 миллион теңге арқасында іші-сырты көз сүйсінтерлік келбетке бөленген. Елбасына сынып бөлмелерін, оқу

кабинеттерін аралап көру кезінде оқу орнының тынысы жан-жақты таныстырылды. Оқушылардың ғылыми зерттеулермен де шұғылданатындығы баян етілді.

525 бала оқитын ол дарынды балаларға арнайы мамандандырылған мектеп болғандықтан, әр оқушының шығармашылық дамуына барынша мүмкіндік жасауды ұстанады. Жоғары білікті 67 педагогтың қатарында 2 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты сабақ береді. Қазақстандағы ең үздік 100 мектептің санатына кіретін мұнда олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тереңдетіп оқу арқылы білім белестеріне өрлейді. Жоғары сыныптарда француз тілі де оқытылады. Президент бұл үлгілі үрдіс екенін қолдады. Үш тілде оқытудың тәжірибесі жеткіншектердің білімі тез өсуіне, ғылыми құштарлыққа ерте бейімделуіне, маңызды оқулық еңбектерді аудармашылар көмегінсіз игеріп-үйренуге ықпалы үлкендігін көрсетіп жүр. Сонымен бірге халықаралық әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға, байқауларға еркін қатыса алады. Кең тараған тілдерге жетіктік мұрагерліктердің ғылыми жарыстарда 34 рет жүлделі орындарды жеңіп алуына мүмкіндік берді. Биылғы мектеп түлектерінің ішінен “Алтын белгі” аттестатын алған 28 бітірушінің 25-і АҚШ-қа, Израильге, Ирландияға, Англияға, Ресейге, Қытайға білім ұштауға аттануы соның арқасы.

Саран қаласына жалғасқан жұмыс сапарында Елбасы осындағы “Қазорта-лықэлектрөткізгіш” зауытында болды. Ел экономикасының өтпелі кезеңінде жабылуға шақ қалған кәсіпорын былтырдан бері аяғынан тік тұрып, іргелі өндіріске айналып келеді. Жұмысқа қамтылған 750 адам құрамы жергілікті мамандар есебінен тағы толығы түспек.

Жыл басында іске қосылған оптикалық-талшықты кабель желісі зауыты қуат-қабілетін одан сайын өсірді. Бұған дейін шетелдерден қымбатқа сатып алынып келген бұл затқа енді отандық тұтынушылардың қолы еркін жетіп жатыр. Зауыт енді оған өз ішіміздегі сұраныстың 40 пайыз көлемін қамтамасыз ете алып отыр. Ірі компаниялардың тауар тұтынуында қазақстандық сүбелі үлес қосушы бірден-бір кәсіпорын болып табылады. Мемлекет басшысына мәлімделгендей, бұл да шек жеке емес. Алдағы екі-үш жылда оны 95 пайызға дейін жеткізу көзделеді. Оның өнімдерін басым тұтынушылардың бірі “Қазақтелеком” ұлттық компаниясымен 2,5 млрд. теңге сомаға келісім жасалған. Мұның өзі өндіріс тұрақтылығы сақталады, нығаяды деген сөз. Ал қосымша бірнеше инновациялық жобалардың, соның ішінде полиэтилен құбырларын, тігілген полиэтиленнен кабель шығарудың іске асырылуы келешегін кеңейтеді.

Президент зауыттың өнімімен, жұмыс үдерісімен танысып, ұжым мүшелерімен кездесуінде еліміздің белгілі себептерге байланысты қиындықтарға қарамастан, даму жолынан айнымай, биік асуларды бағындыруға ұмтылысы стратегиялық мақсат ретінде ұсталатындығын, дағдарысқа қарсы шаралар арқасында жұмыс орындары сақталып қалынып, халықты әлеуметтік жағынан қолдау ауыртпалық жүгін жеңілдетіп отырғанын атай келіп, Қазақстан экономикасын өркендетудің ұзақ мерзімді бағдарламасы ұсынылатындығын айтты. “Біз бәсекеге қабілетті өнімдерді

өндіруді көбейтуіміз керек. Әлемдік рынокқа кеңірек араласуды жоспарлап отырмыз. Іске мығым, ұқыпты болу – өмір талабы”, деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы содан кейін шахтерлердің төл мейрамдарына арналып дайындалған Саран стадионындағы театрландырылған қойылымға қатысты. Толық жаңғыртылған футбол алаңы осында жасалған жасанды жұмсақ жабынмен көмкерілген, трибуналары мен орындықтары жаңартылған, жарық беретін сан шамдар сәулесі құйылған, құдды бір жаңадан салынғандай, спорт ордасына жиналғандарды мерекелерімен құттықтап, еңбектері жанып, тұрмыстары жақсара беруіне тілек білдірді.

Салтанатты оқиғаға қатысушылар атынан сөз сөйлеген еңбек ардагері Светлана Сафина бұдан бұрын болашағы бұлдырлау болып келген Саран сияқты шағын қалада жана өндірістердің пайда болуы үлкен өзгерістерге бет түзеткеніне, тұрғындар өмірін шырайландыра түскеніне ризалықтарын жеткізді. Кеншілер тұңғыш Президенттеріне шахтерлердің байырғы жұмыс қаруы қайла мен басқа киетін болат телпекті тарту етті.

Ел индустриясының жүрегі, жаңаруға деген батыл қадамдардың тірегі болып саналатын өңірдің соған беріктігі тағы бір танылды.

Авторы: Айқын Несіпбай, Қарағанды.